

СӨЙЛЕ. ҚАРСЫ ТҰР. ҮНІҢДІ ЖЕТКІЗ. СӨЗ ЕРКІНДІГІНІҢ НАҚ КҮШІ МЕН ЕРЛІГІ ОСЫ

ҚҰҚЫҚ
ҮШІН ХАТ
ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL



Сөз
еркіндігі

Адам
құқықтары
жайлы білім
беру

ҚҰҚЫҚ ҮШІН ХАТ ЖАЗ

ҚҰҚЫҚ ҮШІН ХАТ ЖАЗ:
БІРЕУДІҢ ӨМІРІН ӨЗГЕРТ

Бірнеше адамның жүрегі бір мүдде жолында
тоғысқанда – ғажайып өзгерістерге жол ашылады.

Шамамен 25 жыл бұрын Польшаның бір топ белсендісі тәулік бойы хат жазу марафонын өткізіп, адам құқықтары бұзылу қаупі төнген жандарға қолдау көрсетті. Сол шағын бастама уақыт өте келе әлемдегі ең ірі адам құқықтарын қорғау науқаны – «Құқық үшін хат жаз» (Write for Rights) қозғалысына айналды.

2001 жылы бар-жоғы 2 326 хат әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдарға жолданған еді. Ал 2024 жылға қарай бұл көрсеткіш 200-ден астам ел мен аймақта жазылған 4,6 миллионнан астам хатқа, твитке, петицияға және өзге де қолдау әрекеттеріне дейін жетті. Бұл – географияның ынтымаққа тосқауыл емес екенінің дәлелі. Адамдар тағы бір рет сөздің үміт сыйлап, өзгеріс тудыра алатын қуаты бар екенін көрсетті. Тек 2024 жылы ғана осы секілді адам құқықтары жөніндегі білім беру іс-шараларына шамамен 1 миллион адам қатысты.

Бірлескен әрекетіміздің арқасында жылдар бойы 115-тен астам адамның тағдыры өзгерді: белсенділер бостандыққа шықты, құқықтары тапталған жандар әділдікке қол жеткізді, ал өзгеріс үшін күрескендер қорғауға алынды.

Биылғы науқан әлемнің түкпір-түкпірінде әділетсіздікке ұшыраған адамдарды қорғауға арналған. Олар – өз құқығын қорғап, шындықты айтқаны үшін қудаланған жандар. Біз олардың жанайқайын әлемге жеткізіп, әділдік орнауын талап ете аламыз. «Құқық үшін хат жаз» науқаны кезінде олар мыңдаған елден жолданған жылы лебіздер мен үмітке толы хаттарды алады. Бұл хаттар – олардың даусы өшпегенін, күресі ұмытылмағанын еске салады. Ал билікке жолданған хаттар – әділ әрі тең қоғамға бір қадам жақындататын нақты әрекет.

Жыл сайын бұл науқанға қатысушылар қолдаудың маңызын ерекше атап өтеді. Оларды қолдайтын, тағдырына немқұрайлы қарамайтын мыңдаған адамның барын білу үлкен күш пен сенім сыйлайды. Көп жағдайда сіздердің хатыңыз нақты өзгерістерге жол ашады: айыптар алынып тасталады, адамдар бостандыққа шығады, ал билік адам құқықтарын қорғауға бағытталған жаңа заңдар мен саясаттар қабылдайды.

“Дәл осы науқан менің өмірімді сақтап қалды деп шын жүректен айтамын. Олар мені өлтірмегеннің бір ғана себебі – сендерсіңдер», – дейді табиғатты қорғаушы.

Жани Силва, «Құқық үшін хат жаз 2021» науқанының қатысушысы

БАСТАМАС
БҰРЫН

Бұл жаттығу адам құқықтары тақырыбын онлайн немесе офлайн түрде әртүрлі ортада талқылауға мүмкіндік береді. Оны мектепте, қоғамдық ұйымдарда, отбасы ішінде немесе белсенділер тобында өткізуге болады. Негізгі мақсат – жаттығуды әр топқа сай бейімдеу. Мысалы, қатысушылардың осы тақырып бойынша қаншалықты хабардар екенін, олардың жасын, топтың көлемін, сабақ форматын, өтетін орнын және белсенділікті арттыру жолдарын ескеріңіз. Сондай-ақ, туындауы мүмкін қиындықтардың алдын алуды да ойластыру қажет. Егер қатысушылар қауіп төніп тұрған адамды қолдауға әрекет еткісі келсе, оны қауіпсіз әрі тиімді жолмен қалай жасауға болатынын бірге талқылау маңызды.

Бұл жаттығулар қатысушыларды **белсенді түрде тартуға** негізделген. Қатысушылар тек дайын ақпаратты тыңдамайды. Олар оқиғаларды бірге зерттейді, талқылайды, талдайды және сұрақ қоя отырып ой түйеді. Бұл тәсіл беретін мүмкіндіктер:

МАҢЫЗДЫ ДАҒДЫЛАР МЕН
ҚАБІЛЕТТЕРДІ **ДАМУ**ҒА;

ӨЗ ОЙЫН **ҚАЛЫПТАСТЫРЫП**, СҰРАҚТАР
ҚОЙЫП, КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ
МӘНІН ТЕРЕҢІРЕК ТҮСІНУГЕ;

ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ БЕЛСЕНДІ АРАЛАСЫП,
ТАЛҚЫЛАУДЫ ӨЗ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ МЕН
КӨЗҚАРАСЫНА САЙ БАҒЫТТАУҒА;

СЕЗІМ ДЕҢГЕЙІНДЕ **БАЙЛАНЫС
ОРНАТЫП**, АДАМГЕРШІЛІК
ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ЖЕКЕ
ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ НЫҒАЙТУҒА
МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.



2024 жылғы «Құқық үшін хат жаз» науқаны кезінде Манахель әл-Отайбиге қолдау ретінде жазылған өтініштер мен ашық хаттар.

Біз күресіп жүрген адамдар туралы толығырақ оқыңыз: amnesty.org/en/get-involved/write-for-rights/

Өз еліңіздегі Amnesty тобына хабарласыңыз: amnesty.org/en/countries/

Қолдауыңызды білдіріп, @Amnesty парақшасын белгілеп, #W4R25 хэштегін қолданыңыз.

Егер сіз белсенді қатысуға негізделген оқыту әдістерімен таныс болмасаңыз, жұмысқа кіріспес бұрын Amnesty International ұйымының Жетекшіге арналған нұсқаулығымен танысып шығыңыз: amnesty.org/en/documents/ACT35/020/2011/en/

Amnesty International ұйымы адам құқықтары жөніндегі тегін онлайн курстарды ұсынады: academy.amnesty.org/learn, сондай-ақ танымдық тестілеп мен білім сайыстарына да қатыса аласыз: <https://share.google/XbVTSryhr9UNR4rq>



СӨЗІҢНІҢ ҚУАТЫ МОЛ

ҚАУІПСІЗ МЕКЕН ТАПҚАН

2023 жылы адам құқықтарын қорғау бағытындағы еңбегі үшін рохинджа белсендісі Маун Сауедолла Бангладештегі босқындар лагерінде қауіп-қатерге ұшырады. Ал 2024 жылдың тамызында оған Бангладештен шығуға рұқсат беріліп, АҚШ университетінде оқу үшін студенттік виза рәсімделді. Бұл 2023 жылғы «Құқық үшін хат жаз» науқанының кең қоғамдық қолдауының арқасында мүмкін болған жетістік.

“ Осы науқанның арқасында мен әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдар мен ұйымдардан зор қолдау мен жігер алдым. Әділдік пен адам құқықтары үшін күресте түрлі ел мен мәдениет өкілдерінің бірігіп, бір мүддеге жұмылуы — жүрекке жылу мен үміт сыйлаған оқиға болды ”

Маун Сауедолла



© Munir Uz Zaman/AFP via Getty Images

ӨЛІМ ЖАЗАСЫНАН АМАН ҚАЛҒАН

Ақыл-есінің кемдігі бар афроамерикалық Рокки Майерс АҚШ-тың Алабама штатында кісі өлтірді деген айыппен отыз жыл бойы өлім жазасын күтіп келді. Оның ісіндегі айғақтарда көптеген қайшылық болғанына қарамастан, алқабилер өлім жазасына қарсы шықса да, судья оның өмірін қию туралы үкім шығарды. Алабамада «соттың өкілеттік шешімі» деп аталатын мұндай тәжірибе тек 2017 жылы ғана заңмен тоқтатылған еді. Роккидің ісі 2023 жылғы «Құқық үшін хат жаз» науқанына енгізілгеннен кейін, әлемнің түкпір-түкпірінен жүздеген мың адам Алабама губернаторына үндеу жолдап, оны рақымшылыққа шығарып, өлім жазасын алып тастауды талап етті. 2025 жылдың ақпанында губернатор бұл өтінішті қанағаттандырды. Роккидің әділдік үшін күресі әлі жалғасып жатыр. Ол әлі де өмір бойына бас бостандығынан айырылған, шартты түрде босату құқығынсыз отыр. Бірақ ең бастысы — өлім жазасы қауіпі сейілді.

© Private



“ Бұл науқан Роккидің ісіне қоғам назарын аударумен ғана шектелген жоқ. Науқан ең алдымен Роккиді адам, әке және ата ретінде қадірлеуге бағытталды. Көпшіліктің қолдауы Рокки үшін қаншалық маңызды болғанын жақсы білемін. Оның тағдырына бейжай қарамай, осынша адамның әрекетке көшкені — шынында да зор шабыт сыйлайтын жайт ”

Рокки Майерстің қорғаушылар тобының мүшесі Мириам Бэнкстон

БОСТАНДЫҚТА

2020 жылдың қыркүйегінде Доржелес Нгессан Камерундағы бейбіт шеруге қатысқаны үшін қамауға алынып, кейін бес жылға бас бостандығынан айырылған. Оның оқиғасы 2022 жылғы «Құқық үшін хат жаз» науқанына енген болатын. 2025 жылдың қаңтарында Доржелес түрмеден босап, отбасымен қайта қауышты.

“ Сын сағатта демеу болған жандар — сіздер ғана. Сол кезде ұлым да, анам да науқас еді. Менің түрмеде отырғаным анама қатты әсер етті, ол қатты әлсіреп қалған еді. Бұл науқан оған күш беріп, бәрімізге үміт сыйлады. Amnesty ұйымына алғысымды сөзбен жеткізе алмаймын ”

Доржелес Нгессан



© Private

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖАЙЛЫ

Адам құқықтары — әрбір адамның тумысынан берілетін еркіндіктері мен қорғалуға деген құқығы. Бұл ар-намыс, теңдік және өзара құрмет қағидаттарына негізделген және адамның жасына, ұлтына, жынысына, нәсіліне, наным-сеніміне немесе көзқарасына қарамастан бәріне ортақ. Әр адам әділ көзқарасқа ие болуға, өзгелерге де әділ болуға және өз өміріне қатысты шешімдерді өзі қабылдауға құқылы. Бұл құқықтар — әмбебап, яғни бүкіл әлемдегі әр адамға бірдей ортақ. Осы құқықтарды ешкім

тартып ала алмайды. Сондай-ақ ол бөлінбейді, әрі бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Әр құқықтың маңызы тең, бірінің бұзылуы басқаларына да әсер етеді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жасалған адамзатқа қарсы қатыгездік оқиғаларынан соң, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясынан бастау алған халықаралық адам құқықтары құжаттары бүкіл әлемдегі адамдардың өмірін жақсартуға бағытталған ұлттық, өңірлік және жаһандық заңнамаларға

берік негіз қалыптастырды. Адам құқықтары — бұл мемлекеттер үшін міндетті заңдар. Бұл қолайлы сәт туған кезде ғана берілетін артықшылық немесе жеңілдік емес. Керісінше, құқықтар үкіметтер мен мемлекеттік органдардың барлық адамдардың құқықтарын құрметтеуге, қорғауға және қамтамасыз етуге деген нақты әрі міндетті жауапкершілігін белгілейді. Бұл ел ішінде де, елден тыс жерлерде де бірдей жұмыс істейді.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымы жасап шығарды. 1948 жылдың 10 желтоқсанында қабылданғаннан бері ол халықаралық адам құқықтары жүйесінің негізгі тірегіне айналды. Әлемдегі барлық елдер осы құжаттың 30 бабында көрсетілген жалпы қағидаттарды ұстануға келісті.

Атауы айтып тұрғандай, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы — бұл әлемдегі әрбір мемлекеттің адамға қатысты белгілі

бір стандарттарды сақтауға ниетті екенін білдіретін декларация. Адам құқықтары халықаралық құқықтың бір бөлігіне айналды: Декларация қабылданғаннан бері оның қағидалары негізінде көптеген міндетті заңдар мен келісімдер жасалды. Дәл осы заңдар мен келісімдер Amnesty International сияқты ұйымдарға біздің «Құқық үшін хат жаз» науқанында айтылған адамдарға қатысты құқық бұзушылықтарды тоқтатуды үкіметтерден талап етуге мүмкіндік береді.

© UN Photo



© Amnesty International Togo



2024 жылғы «Құқық үшін хат жаз» науқаны кезінде Тогодағы Amnesty белсенділері.



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

 АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР МЕН БОСТАНДЫҚТАР Өмір сүру құқығы, азаптаудан және құлдықтан бостандық, кемсітушіліктен қорғану құқығы.	1 бап Ар-намыс пен құқықтың еркіндігі мен теңдігі 2 бап Алалаудан қорғау 3 бап Өмір сүру, еркіндік және жеке қауіпсіздік құқығы 4 бап Құлдықтан азат болу құқығы 5 бап Азаптаудан азат болу құқығы
 ЗАҢҒА ҚАТЫСТЫ ҚҰҚЫҚТАР Кінәсіз деп танылу құқығы, әділ сот талқылауына қатысу құқығы, заңсыз тұтқындалудан немесе қамаудан азат болу құқығы.	6 бап Бүкіл адамды заң бірдей қорғайды 7 бап Заң алдында бәрі тең 8 бап Құқығы бұзылған кісі өтемақы алуға құқылы 9 бап Негізсіз тұтқындауға, қамауға алуға немесе жер аударуға тыйым салынады 10 бап Әділ сот талқылауына қатысу құқығы 11 бап Кінәсі дәлелденбейінше, әр адам кінәсіз болып есептеледі 14 бап Басқа елге барып, баспана сұрау құқығы
 ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАР Білім алу, отбасы құру және оны асырау, демалу және денсаулық сақтау құқығы.	12 бап Жеке өмірге, отбасы мен баспанаға қол сұғылмаушылық құқығы 13 бап Мемлекет аумағында еркін жүріп-тұру және тұру еркіндігі 16 бап Үйлену және отбасы құру құқығы 24 бап Демалу және бос уақыт өткізу құқығы 26 бап Білім алу құқығы, соның ішінде бастауыш білімнің тегін болуы
 ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР Мүлікке иелік ету, еңбек ету, баспаналы болу, зейнетақы алу және лайықты өмір сүру құқығы.	15 бап Азаматтыққа ие болу құқығы 17 бап Мүлік пен жеке меншікке иелік ету құқығы 22 бап Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы 23 бап Әділ еңбекақы алу және кәсіподаққа кіру құқығы 25 бап Денсаулық пен әл-ауқатқа жеткілікті өмір сүру деңгейіне құқығы
 САЯСИ ҚҰҚЫҚТАР Мемлекеттің басқаруына қатысу, дауыс беру, бейбіт жиын, ой-пікір, сенім және дін еркіндігі құқығы.	18 бап Ар-ождан, наным-сенім және дін бостандығы 19 бап Пікір білдіру және ақпарат тарату еркіндігі 20 бап Бірлестік құру және өзгелермен бейбіт түрде жиналу еркіндігі 21 бап Өз елінің басқаруына қатысу құқығы
 МӘДЕНИ ҚҰҚЫҚТАР, ЫНТЫМАҚ ҚҰҚЫҚТАР Қоғамның мәдени өміріне қатысу құқығы.	27 бап Өз қауымының мәдени өміріне қатысу және оның игіліктерін пайдалану құқығы 28 бап Барлық құқықтың іске асуына мүмкіндік беретін әділ халықаралық жүйеде өмір сүру құқығы 29 бап Әр адамның өзгелердің құқығын құрметтеу жөнінде міндеті бар 30 бап Осы Декларацияда бекітілген құқықтардың ешқайсысын жоюға жол берілмейді!



БӨЛІМ

СӨЗ ЕРКІНДІГІ

НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

- Сөз еркіндігі
- Бейбіт жиын өткізу құқығы
- Азаматтық алаңның тарылуы
- Адам құқығын қорғаушылар
- Саяси қысым, негізсіз қамауға алу

БӨЛІМ ЖАЙЛЫ

Бұл бөлімде сөз еркіндігінің әлем бойынша қандай қауіпке ұшырап отырғаны баяндалады. Мәтін үш адамның тарихы арқылы көрсетіледі: олар журналистік қызметі, азаматтық ұстанымы және ашық пікір білдіргені үшін қудаланған. Әрқайсысы өз сенімінен таймағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылып, қамауға алынып, қысым көрген. Бұл оқиғалар әлемде азаматтық кеңістіктің тарылып, сөз еркіндігін шектеуге бағытталған авторитар үрдістердің күшейіп келе жатқанын айқын көрсетеді.

КІМГЕ АРНАЛҒАН: 14+

БҮЛ БӨЛІМГЕ ҚАЖЕТ УАҚЫТ

60 минут, сондай-ақ «Take Action» (Бейжай қалма) бөлімін орындауға қосымша уақыт керек.

ОҚУ НӘТИЖЕСІ

Қатысушылар:

- сөз еркіндігінің мәнін және оның қоғам үшін маңызын **түсінеді**;
- сөз еркіндігіне әлем бойынша төнген қауіптердің түрін **анықтай алады**;
- өз ойын ашық айтып, әділетсіздікке қарсы шыққан адамдар не үшін қудалануы, қысымға ұшырауы, түрмеге қамалуы мүмкін екенін өз бетінше **түсіндіреді**;
- журналистер мен адам құқығын қорғайтын белсенділердің оқиғалары арқылы олардың тағдырына жанашырлық **танытып**, түсіністік пен қолдау білдіріп қана қоймай, маңызды істерге де белсенді араласады.

ҚАЖЕТ ҚҰРАЛДАР

- Таратпа қағаздар: оқиға парақтары мен іс-әрекетке шақыру парақтары (15–18-беттер)
- Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының жеңілдетілген нұсқасы (5-бет)
- Анықтама: сөз еркіндігі құқығы (13–14-беттер)
- Қағаз, қалам және конверттер (хат жазамын деген қатысушыларға)
- Қосымша: [amnesty.org/en/w4r-videos](https://www.amnesty.org/en/w4r-videos) сайтындағы бейнематериалдар
- Қосымша: [amnesty.org/en/get-involved/write-for-rights/](https://www.amnesty.org/en/get-involved/write-for-rights/) сайтындағы хат үлгілері

ДАЙЫНДЫҚ

- Оқиға парақтарын оқып шығып, талқылайтын тақырыпты таңдаңыз.
- Әр қатысушыға немесе топқа арналған таратпа қағаздарды басып шығарыңыз.
- Анықтамамен алдын ала танысыңыз.
- Қатысушы санына, білім деңгейіне және оқу мақсатына қарай әр бөлімге арналған уақытты өзгертуге және нұсқаулықты өз ыңғайыңызға қарай бейімдеуге болады. Уақытты мұқият жоспарлаңыз.

1. КІРІСПЕ: ҮНСІЗ ЖАТТЫҒУ

Көрсететін бір-екі затты алдын ала дайындап қойыңыз. Бұл суреттер немесе басқа құралдар болуы мүмкін. Өзіңізді жетекші рөлінде ұстап, қатысушыларға былай айтыңыз:

«Мен талай саланың қыр-сырын меңгерген маманмын. Бүгін сіздермен өз білімім мен өмірлік тәжірибемнің бір бөлігін бөлісуге келдім. Бұл үшін мені көңіл қойып тыңдауыңыз қажет. Сондықтан мен сөйлеп тұрған сәтте толық тыныштық сақтаңыздар: ешкім сөйлемесін, ешкім ештеңе істемесін. Мен рұқсат бергенде ғана сөйлеуге, қозғалуға болады».

Жетекшіге ескерту: барлық қатысушының тең қатысуын қамтамасыз ету үшін жаттығуды топқа сай бейімдеңіз.

Топ дайын болған кезде, әр затты немесе суретті жеке-жеке көрсетіңіз. Әр оқиғаға байланысты әдейі бұрмаланған ақпаратты немесе жалған мәліметті мысалға келтіріңіз. Қатысушыларда ішкі қарсылық туып, өз ойын айтуға талпынып, терең әсер алатындай уақыт беріңіз. Асықпаңыз: аздап ыңғайсыздық тудыру арқылы жаттығудың әсерін күшейтіңіз. Өзіңізді салқынқанды, байсалды ұстаңыз.



15 МИНУТ



Сіз таңдап ала алатын немесе шабыт ретінде пайдалануға болатын бірнеше мысал:

- **Кітап:** Кітаптар 1950 жылы ойлап табылған. Алғашында оларды есік тіреуге немесе үй салғанда кірпіштің орнына пайдаланған. Ал адамдар параққа сөз жазуға болатынын тек 1970 жылы ғана аңғарған. Қазір интернет дәуірінде кітаптың қадірі жоқ: ішінде «өзекті» деуге тұрарлық бір ауыз сөз де қалмаған. Сондықтан кітапты оқығаннан гөрі, отқа жағып жылынған жақсы немесе дәретхана қағазы ретінде пайдаланған әлдеқайда тиімді.
- **Арнайы жасақ қызметкерінің суреті:** Мына кісілер – бағбандар. Олар басына дулыға киеді, өйткені ағаштан түскен жапырақ кейде қатты соғып, жарақаттауы мүмкін. Ал қолдарындағы қалқан тәрізді заттар – шын мәнінде күрек. Бұл жер қазуды тездету үшін керек. Олар қаланы аралап жүріп, қай жерге күтім керек екенін байқайды да, өз еркімен, шын көңілден еңбек етеді. Айтпақшы, тек ер адамдар ғана бағбан бола алады. Себебі әйелдер әлжуаз келеді. Ұзақ уақыт далада жүру олардың өкпесіне зиян, ал күннің көзіне аллергиясы бар.
- **Мысықтың суреті:** Бұл – ит. Барлық ит суды жек көреді, өйткені жүзе алмайды. Егер жаңбыр жауып тұрғанда ит далада қалса, ол еріп кетеді. Ит – жер бетіндегі ең тұйық әрі ызалы жаратылыс. Олар ағаштарға ұя салып, сонда өмір сүреді. Иттер көпшілік ойлағандай «мяу» демейді. Олар адамдарға түсініксіз көне тілдерде сыбырлап, қарғап-сілеп сөйлейді.
- **Су құтысы:** Бұл – көшпелі жаңбыр мұражайы. Әр бөтелкенің ішінде бұлттардың ашудан төккен көз жасы бар. Шын мәнінде, су ішу – адам үшін өте қауіпті. Бұрын адамдар күніне 5 миллилитр су ішетін, өйткені ол өте улы деп саналатын. Кейін ғалымдар судың – елестердің тері екенін анықтады. Мына қақпағы – сол елестердің сыртқа шығып, караоке айтуына жол бермеу үшін қажет. Балаларға судың орнына кофе, еріген балмұздақ немесе, тіпті, дезодорант ішкен әлдеқайда пайдалырақ.

Сай Зо Тхайк, Мьянмадағы тәуелсіз Myanmar Now медиа ұйымының фототілшісі. Суретте ол Мьянмада іссапарда жүр (17-бетті қараңыз).

© Myat Gyi





Сөйлеп болған соң, сәл кідіріп, қатысушылардың бет-жүзін бақылаңыз, олардың қандай әсер алғанын байқауға тырысыңыз. Кейін жымыып, оларға алғыс айтыңыз да, «Ду қол шапалақ қайда?», — деп әзілдеп сөзіңізді қорытындылаңыз.

Содан кейін жаттығудың аяқталғанын хабарлап, барлығын терең тыныстап, аздап қозғалып немесе бой сергітіп алуға шақырыңыз. Қатысушылардан бұл жаттығу оларға қандай әсер қалдырғанын сұраңыз. Алғашқы жауаптардан кейін әңгімені жалғастырып, мына сұрақтар арқылы талқыны тереңдете түсіңіз:

- **Сөйлегіңіз келді ме? Бірақ өзіңізді тежедіңіз бе?**
- **Айтылғанның бәрі шындыққа жанаспайтынын білсеңіз де, неге соны айтпадыңыз?**
- **Менің айтқаным шындық емес екенін түсінген кезде өзіңізді қалай сезіндіңіз? Іштей қандай күй кештіңіз: абыржу ма, ашу ма, күлкі ме, әлде қысылу ма?**
- **Өзімді «маман» не «беделді адам» ретінде көрсеткен соң, маған деген сеніміңіз өзгерді ме?**

Уақыт болса, әңгімені қоғамдағы жалған ақпарат пен қысымның жалпы сипаты туралы ойтолғауға ұластыруға болады.

- **Әділетсіздікке көз жұма қарамай, өз ойыңды ашық айту не үшін маңызды?**
- **Адамдарға айтылған нәрсеге күмән келтіруге, сұрақ қоюға тыйым салынса, оның салдары неге әкелуі мүмкін деп ойлайсыз?**
- **Адамдарға өз ойын ашық айтуға мүмкіндік берілмей, тіпті оған тыйым салынғанда, олар өз пікірін білдірудің өзге жолын қалай табады деп ойлайсыз?**

Қорытынды бөлімде мынаны түсіндіріңіз:

«Бұл жаттығу арқылы сіз біраз уақытқа үнсіз қалғандағы сезімді немесе қып-қызыл өтірікке қарсы сөйлеуге тыйым салынған сәттегі адамның ішкі күйін аз да болса түсіндіңіз. Бұл тек ойын ғана еді. Ал өмірде өз ойын ашық айтып, әділетсіздікті әшкерелеуге тырысқан талай адам қауіп-қатерге тап болады. Биліктегілер мен аса ықпалды адамдар шындықты бұрмалап, ашық деректерге қол жеткізуді шектеп немесе өздеріне қарсы шыққандарды жазалауы мүмкін. Кейде үкіметке, полицияға, ірі компанияларға немесе басқа да топтарға қарсы сөйлеу қауіпсіз бола бермейді. Мұны тереңірек түсіну үшін, осындай жағдайда адамдарды қорғауға арналған негізгі құқықтарды бірге қарастырып көрейік».

Тунистегі көрініс. Тунис Республикасының астанасы. Дәл осы қалада заңгер әрі журналист Соня Дахмани еңбек еткен (18-бетті қараңыз).

© Pexels





2. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ БІР-БІРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Бұл тапсырма үш кезеңнен тұратынын түсіндіріңіз. Әр кезеңде сіз адам құқықтарының бұзылуын сипаттайтын бір жағдайды оқисыз және оған қатысты екі құқық бойынша нұсқаны ұсынасыз. Қатысушылар сол жағдайға қай құқық көбірек сай келеді немесе қайсысы көбірек қауіп төндіріп тұр деп санайтынын айтуы керек.

Қатысушылар өз таңдауын: «А» және «В» нұсқаларына арналған бөлменің белгілі бөлігіне барып тұру арқылы немесе орнынан қозғалмай, таңдаған нұсқасы аталған кезде қол көтеру арқылы екі түрлі тәсілмен көрсете алады. Қай тәсілдің тиімді болатынын топтың ерекшелігіне, қозғалу мүмкіндігіне және оқу жағдайына қарай өзіңіз шешесіз.

Жетекшіге кеңес: Бұл жаттығудың мақсаты – «дұрыс» не «бұрыс» жауап табу емес. Керісінше, мұнда бірнеше құқық өзара байланысып, бір-біріне тәуелді түрде көрініс табады. Қатысушылардан неге дәл сол нұсқаны таңдағанын сұрап, олардың осы құқықтардың өзара тоғысатынын түсінуіне жол көрсетіңіз. Талқылаудың атмосферасын еркін, ізденіске бағытталған күйде ұстаңыз, тест түрінде өткізбеуге тырысыңыз. Қажет болса, 13-14-беттердегі анықтаманы пайдаланып, кей ұғымдарды тереңірек түсіндіріңіз.

1-ЖАҒДАЯТ:

Бір топ студент үкіметтегі жемқорлықты сынға алып, әлеуметтік желіге видео жариялайды. Келесі күні полиция олар өткізбек болған бейбіт шеруді басталмай жатып тоқтатып тастап, бірнеше ұйымдастырушыны ұстап әкетеді. Бұл жағдайда қай құқық көбірек бұзылып отыр деп ойлайсыз:

А. сөз еркіндігі ме,

В. бейбіт жиын өткізу еркіндігі ме?

Талқы: Сөз еркіндігі (А) студенттердің өз пікірін ашық айтып, оны желіде жариялау құқығын қорғайды, ал бейбіт жиын өткізу бостандығы (В) – олардың қоғамдық жерде еркін жиналып, көзқарасын білдіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Адамдар өз ойын бірге білдіру үшін жиналғанда, бұл екі құқық өзара байланысып, бірігіп жұмыс істейді, яғни бұл бейбіт түрде наразылық білдіру құқығын туындатады. Сондықтан бұл құқықтар өзара тығыз байланысты: біреуін шектейтін болсақ, екіншісі де әлсірей түседі.

2-ЖАҒДАЯТ:

Биліктегілер әділетсіздікке қарсы үн көтерген адвокатты түн ортасында үйінен күштеп алып кетіп, бірнеше айға қамауға алады. Оған айыптың не екені айтылмайды, әділ сот өткізуге мүмкіндік берілмейді. Бұл жағдайда қай құқық көбірек бұзылып отыр деп ойлайсыз:

А. әділ сот құқығы ма,

В. негізсіз қамауға алынудан қорғану құқығы ма?

Талқы: Адамды не үшін ұстағанын түсіндірмей және сотқа жеткізбей қамауда ұстауды – «негізсіз немесе заңсыз қамауға алу» (В) деп атаймыз. Мұндай жағдай адамды бостандық құқығынан айырады. Кейде адамдарға ешқандай ресми айып тағылмай, жай ғана босатылады, мұндайда сот ісі де болмайды. Ал егер айып тағылса, онда әділ сотқа деген құқық (А) ерекше маңызды. Бұл ұсталған адамға өзіне қандай айып тағылғанын білуге, өз құқығын қорғауға және әділ шешімге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Егер әділ соттың кепілдігі болмаса, негізсіз қамауға алу қаупі күшейеді. Сондықтан бұл екі құқық өзара тығыз байланысты және екеуі де адамды билік тарапынан болатын зорлықтан қорғайды.

Жоғары оң жақта: Сай Зо Тхайк
түсірген Мьянманың Янгон
қаласындағы наразылық шеруі.
© AAMIJ

20 МИНУТ

Егер қатысушылар Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясымен (UDHR) алғаш рет танысып отырса, алдымен оның мәні мен мазмұны туралы түсіндіру керек екенін ұмытпаңыз. Бұл үшін 4-беттен басталатын ақпаратты пайдаланыңыз.



3-ЖАҒДАЯТ:

Полиция жүйесіндегі заңсыздықтар туралы мақала жариялаған журналист қамауға алынды. Ол тар, лас, ішінде егеуқұйрықтар өріп жүрген түрмеде отыр. Оған қажет дәрі-дәрмегі берілмейді, ал түрме күзетшілері күн сайын балағаттап, қорлайды. Бұл жағдайда қай құқық көбірек бұзылып отыр деп ойлайсыз:

А. азаптаудан және қатыгез, адамның қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынастан азат болу құқығы ма,

В. денсаулық сақтау құқығы ма?

Талқы: Адамға қажетті дәрі-дәрмегін бермеу немесе оны лас, қауіпті жағдайда ұстау – денсаулық сақтау құқығын (В) бұзу болып саналады. Ал күн сайын қорлап, ауыр жағдайда қалдыру – адамдық қадір-қасиетті таптайтын қатыгез қарым-қатынас (А) деп бағалануы мүмкін. Егер билік өкілдері әдейі жазалау, қорқыту, кемсіту немесе ақпарат алу мақсатында адамның тәніне не психикасына ауыр азап көрсетсе, бұл азаптау (А) болып есептеледі. Бұл екі құқық өзара тығыз байланысты, сондықтан мемлекет адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, оларды ар-намысына құрметпен қарауға тиіс.

Қорытынды ретінде қатысушыларға мына сұрақтарды қойыңыз:

- **Екі құқықтың бірін таңдауда қиындық туды ма? Неліктен деп ойлайсыз?**
- **Бір құқықты қорғау өзге құқықтардың бұзылуына жол бермеуге қалай көмектесуі мүмкін?**

Қатысушыларды адам құқықтарының барлығы өзара байланыста деген ойға жетелеңіз: бір құқық бұзылса, ол өзге құқықтардың да бұзылуына әкелуі мүмкін. Сол себепті мемлекет барлық құқықты тұтас және бірдей деңгейде қорғауы қажет.

Үш түрлі жағдайдың бәрі де сөз еркіндігі құқығымен байланысты екенін атап өтіңіз. Келесі бөлімге дайындық ретінде бұл құқықтың мәні мен маңызын толығырақ түсіндіріп өтсеңіз болады:

«Әр адам өз ойын ашық айтуға, билік өкілдерін сынауға және ақпаратты еркін бөлісуге құқылы. Бұл – сөз еркіндігі деп аталады. Мұны халықаралық құқық, соның ішінде Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 19-бабы қорғайды. Сөз еркіндігі – кек алу немесе қудалау қауіпсіз өз пікірінді білдіру, билікке сұрақ қою, оқиғалар жайлы айту және әділдікті талап ету мүмкіндігі. Алайда, әлемнің көптеген елінде бұл құқық толық көлемде қорғалмайды. Соған қарамастан, журналистер, құқық қорғаушылар, суретшілер, студенттер мен интернет қолданушыларының бәрі өз ойын ашық айтқаны үшін тәуекелге барып, батылдық танытып жүр».

Төменгі сол жақта – Сай Зо Тхайк түсірген Мьянмадағы Янгон қаласындағы наразылық шеруі.
© Myanmar Now

Төменгі оң жақта – Соня Дахмани.
© Private





3. ЕРКІНДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ЕРЛІК: СӨЗ ЕРКІНДІГІ ТУРАЛЫ ОҚИҒАЛАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУ

Дыбыстап оқыңыз:

«Біз қазір ғана адам құқықтарының өзара тығыз байланысты екенін және сөз еркіндігінің бұзылуы басқа да құқықтардың аяқасты болуына әкеп соғатынын көрдік. Бүгін біз өз даусымен өзгелерді қорғап, әділетсіздік пен теріс әрекеттерді әшкерелеуге тырысқан үш адамның тағдырымен танысамыз. Олар шындық үшін үлкен құрбандыққа барды. Олардың оқиғасын оқи отырып, бір сәт ойланыңыз: егер сіз олардың орнында болсаңыз, қандай күй кешер едіңіз?».

Қатысушыларды шағын топтарға немесе жұптарға бөліңіз. Әр топқа 16-18-беттегі бір оқиға парағын, 5-беттегі Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының жеңілдетілген нұсқасын, сондай-ақ қағаз бен қалам беріңіз. Топ мүшелерін әңгімені бірге оқып шығып, төмендегі сұрақтарды талқылауға шақырыңыз.

- Бұл адам не айтқысы немесе не істегісі келді деп ойлайсыз?
- Билік не себепті оны жазалады деп ойлайсыз?
- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына көз жүгіртіңіз. Осы адамның қандай екі немесе үш құқығы бұзылғанын таба аласыз ба?

Содан кейін әр топқа былай деңіз:

«Өзіңізді Соняның, Сай Зоның немесе Наргиздің орнына қойып көріңіз. Сіз әлемге не айтқыңыз келер еді? Қай құқықтың бұзылып жатқанын сезесіз? Үкіметтен немесе қарапайым адамдардан не сұрар едіңіз? Сол адамның атынан, оның көзімен қарағандай болып, әлеуметтік желіге немесе басқа ашық алаңға арналған қысқа әрі әсерлі үндеу жазыңыз».

Шамамен 15 минут өткен соң, барлық қатысушыларды қайта жинаңыз. Әр топтан бір еріктіні шақырып, өздеріне түскен адамның қысқаша тарихын айтып беруді және сол адамның атынан жазған үндеуін дауыстап оқып шығуды сұраңыз.

Бұл адамдардың оқиғаларымен танысқаннан кейін, қорытынды талқылау үшін төмендегі сұрақтарды қойыңыз:

- Осындай белсенділердің даусы тұншықтырылғанда, қоғам қандай күйге түседі?
- Бұл жағдайдың әлемдегі адам құқықтарымен қандай байланысы бар?
- Осындай әділетсіздіктерге куә болғанда, біз жеке адам ретінде немесе қауымдастық ретінде не істей аламыз?

Қорытындылай келе былай деңіз: бұл оқиғалар – өз ойын ашық айтқан адамдардың даусын басып тастау қоғамға қандай зиян келтіретінін айқын көрсетеді. Сонымен бірге, ой мен пікірді еркін білдіру құқығы тек жеке адам үшін емес, тұтас қоғам үшін де қаншалықты қымбат екенін еске салады. Тіпті айтылған пікір «сыншыл», әрі «қолайсыз» болғанның өзінде әр мемлекет азаматтардың осы құқығын қорғауға міндетті. Өкінішке қарай, билік осы міндетін дұрыс орындамаған кезде, сөзін айтуға батылдық танытқандар бұл үшін тым қатты жазаланып жатады.

25 МИНУТ



4. «БЕЙЖАЙ ҚАЛМА»

Қатысушыларға Amnesty International ұйымының Write for Rights («Құқық үшін хат жаз») атты жаһандық науқаны туралы айтып беріңіз. Бұл бастама адамдарды әділетсіздікке ұшыраған жандарға және олардың құқығын қорғауға міндетті билік өкілдеріне хат жазуға үндейді. Биылғы науқанға осы сабақта танысқан кейіпкерлер де енгізілгенін түсіндіріңіз. Алдыңғы жылдардағы науқандардың нәтижелерінен мысал келтіруге болады. Мысалы, Мозес Акатугба атты нигериялық жігіт Amnesty International бастамасымен мыңдаған хаттар жазылғаннан кейін өлім жазасынан босатылған (бейнежазбаны мына сілтемеден көруге болады: youtu.be/8cU6EPY5r_c). Бұл мысалдар адамдардың біріккен даусы адам өмірін өзгертіп, әділет орнатуға қаншалықты ықпал ете алатынын көрсетеді.

Егер қатысушыларға хат жазуға немесе үн қосуға, т.б. әрекеттерге берілген уақыт жеткіліксіз болса, оларды бұл істі кейін өздері ұйымдастыруға немесе топ бойынша бөліп алуға шақырыңыз. Сондай-ақ, олардың шығармашылық тұрғыда ойлап, өз идеяларын еркін ұсынуына ынталандырыңыз.

ХАТ ЖАЗ

Қатысушыларға өздері танысқан кейіпкерлердің бірін таңдап алуды сұраңыз және сол адамға арналған «Бейжай қалма» әрекетке шақыру қағаздарының (16–18-беттер) көшірмесін беріңіз. Оларға жазылған хаттар сол адамның құқықтарын қорғауға жауапты билік өкілдеріне жолданатынын түсіндіріңіз. Барлығына хат жазуға арналған материалдар таратып, уақыт беріңіз. Ресми тұлғаларға жазылған жеке хаттар ең үлкен әсерге ие болуы мүмкін екенін түсіндіріңіз. Қатысушыларға мына нұсқауларды беріңіз:

- **өздері туралы қысқаша жазсын;**
- **кейіпкердің оқиғасында таңғалдырған немесе толқытқан тұсын сипаттасын;**
- **адам құқықтарын қорғау неге маңызды екенін өз сөзімен жеткізсін.**

Егер қатысушылар жазып болған хаттарын топпен бөлісуді немесе өз әсерлерін айтуды қаласа, соған арнайы уақыт беріңіз.

ЖАНАШЫР БОЛЫҢЫЗ

Егер уақытыңыз болса, «Бейжай қалма» таратпасында көрсетілген қолдау хатын жазу тапсырмаларының бірін орындауға болады. Мұндай хаттар – әділдік үшін күресіп жүрген адамдарға жігер мен қолдау беретін маңызды бастама.

Соня, Сай Зо мен Наргизге қолдау мен үмітке толы хат жолдаңыз. Олар жалғыз емес екенін жеткізіп, әділдік жолындағы күресін жалғастыруға рух беріңіз. Шығармашылық танытып, өзіңіз туралы аздап айтып өтсеңіз – бұл сіздің хатыңызды шынайы әрі әсерлі ете түседі.

Наргиз поэзияны жақсы көретіндіктен, онымен сүйікті өлеңіңізді бөліссеңіз болады. Ол әзірбайжанша және ағылшынша сөйлейді.

Write for Rights науқаны аясындағы басқа да шаралар туралы толығырақ мына сілтеме арқылы біле аласыз: amnesty.org/en/get-involved/write-for-rights/



Қосымша тапсырма ретінде қатысушыларға Соня мен Сай Зо туралы видеоларды көрсетуге болады. Бейнелерді мына сілтемеден табуға болады: amnesty.org/en/w4r-videos (ағылшын тілінде қолжетімді). Amnesty International EECA - YouTube арнасында Наргиз жайлы видеоны көрсете аласыз.



Жоғарыдан бастап сағат тілі бағытымен: Непал, Канада, Болгария, Люксембург, Зимбабве, Польша және Тайвань елдеріндегі Amnesty белсенділері Write for rights 2024 («Құқық үшін хат жаз») науқанына қатысып жатқан кезі.





АНЫҚТАМА

СӨЗ ЕРКІНДІГІ ҚҰҚЫҒЫ

Сөз еркіндігі құқығы – адамның өз пікірін еркін ұстанып, оны ашық айтуына мемлекеттің кедергі келтірмеуін қамтамасыз ететін негізгі құқықтардың бірі. Бұл құқық өз ойыңды түрлі жолмен: қоғамдық наразылықтар арқылы, жазбаша материалдарда, БАҚ пен интернетте, сондай-ақ өнер туындылары арқылы еркін жеткізуге мүмкіндік береді. Қоғамда түрлі пікірлер мен идеялардың еркін айналымы – әділдік кепілі. Ал сөз еркіндігін шектеу – қоғамның ашықтығы мен есеп берушілігін әлсіретіп, адам құқықтары үшін күресті қиындатады. Сөз еркіндігі тек өзгелер үшін ғана емес, әрбір жеке адам үшін де маңызды. Өйткені адамның ойы мен пікірі – оның болмысын айқындайтын өзегінің бір бөлігі. Біреудің үнін өшіру – оның тұлға ретіндегі болмысын өшірумен тең.

СӨЗ ЕРКІНДІГІН ШЕКТЕУ

Сөз еркіндігі шексіз құқық емес. Кей жағдайларда мемлекет басқа адамдардың құқығын немесе қоғамның ортақ мүддесін қорғау мақсатында белгілі бір пікірлер мен мәлімдемелерге шектеу қоюға міндетті болуы мүмкін.

Мысалы, сөз еркіндігі зорлық-зомбылыққа ашық түрде шақыратын сөздерге, яғни аз санды топтарға қарсы өшпенділікті қоздыратын мәлімдемелерге қолданылмайды. Мұндай жағдайда мемлекет мұның алдын алу үшін әрекет етуге міндетті.

Алайда билік сөз еркіндігіне шектеу қоя алатын жағдайлар өте сирек және ерекше мән-жайларда ғана қарастырылуға тиіс. Бұдан өзге жағдайда мемлекет адамдарды олардың ой-пікірі билікке сын айтқаны, көпшілікке ұнамағаны немесе біреулерге жағымсыз көрінгені үшін жазалап, шектейтіндей құқығы жоқ. Сөз еркіндігі құқығы – кез келген идеяны білдіруге арналған құқық. Бұл адамның пікірін ашық айту, наразылық білдіру, тіпті қоғам үшін оғаш не мазасыз көрінетін көзқарасты жеткізу құқығын да қорғайды. Адам құқықтарына, соның ішінде сөз еркіндігіне қойылатын кез келген шектеу заңды, негізді және қажетті болуы шарт.

Ұлыбританияның астанасы Лондонда фотосурет мамандығында оқитын студенттер түсірген плакаттар. Бұл Amnesty International ұйымының Protect the Protest («Наразылықты қорға») атты 2025 жылғы науқаны аясында дайындалған.



АНЫҚТАМА

СӨЗ ЕРКІНДІГІ ҚҰҚЫҒЫ

СӨЗ ЕРКІНДІГІНЕ ТӨНГЕН ҚАУІП

Бүгінде сөз еркіндігіне зор қауіп төніп тұр. Көптеген үкімет өз өкілетін асыра пайдаланып, бейбіт жиындарды, пікір білдіру шараларын тұншықтыру үшін сөз еркіндігін қылмысқа теңейтін заңдар қабылдап немесе қылмыстық заңнаманы сын айтқан адамдарға қарсы құрал ретінде қолданады. Билікпен келіспеу, оған наразы болу, сын айту әрекеттері онлайн/офлайн цензураға ұшырап, түрлі тосқауылдарға тап болады. Мұндай шектеулер көбіне «терроризмге қарсы күрес», «қоғамдық тәртіп», «ұлттық қауіпсіздік» немесе «діни құндылықтарды қорғау» деген желеумен жасалады. Мемлекеттер тек сөзді ғана шектеп қоймайды. Олар журналистерге, белсенділерге, заңгерлерге, суретшілерге, студенттерге және өз ойын ашық айтуға батылы жеткен кез келген адамға қысым көрсетеді. Мұндай әрекеттер көбіне әділетсіз соттармен, негізсіз қамаулармен және адамның қадір-қасиетін таптайтын тергеу амалдарымен қатар жүреді.

Кейбір үкіметтер «жалған ақпарат тарату», «қоғамдық тәртіпті бұзуға арандату» сияқты бұлдыр түсініктерді пайдаланып, адамдарды тергеусіз не сот шешімінсіз ұзақ уақытқа қамауға алуды ақтап алуға тырысады. Мұндай әрекеттер жеке оқиға емес, азаматтық кеңістік тарылып бара жатқан кездегі жаһандық үрдістің көрінісі. Билік өкілдерін сынау халықаралық құқықта қорғалатын құқық емес, жазалануға тиіс қауіп ретінде қабылданады. Соның салдарынан қоғамда қорқыныш пен үнсіздік орнап, ашық пікірталас жоғалады, әділдік пен есеп беру мәдениеті әлсірейді.

МЕМЛЕКЕТТІҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Мемлекеттер тек адам құқықтарын бұзбауға ғана емес, оларды қорғап, қамтамасыз етуге де заң жүзінде міндетті. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес, үкіметтер мыналарды орындауға тиіс:

- Билікке сын айтылған жағдайдың өзінде де, сөз еркіндігі құқығын құрметтеу (19-бап);
- Адамдардың өз пікірін қауіпсіз ортада еркін білдіруі үшін бейбіт жиын өткізу құқығын қамтамасыз ету (20-бап);
- Әрбір айыпталған адамның әділ сотталу құқығын сақтау. Ешкім заңды негізсіз немесе өзін қорғау мүмкіндігінсіз жазаланбауға тиіс (10-бап);
- Адамдарды азаптаудан, сондай-ақ қадір-қасиетті қорлайтын қатыгез әрекеттерден қорғау. Оның ішінде түрмеде адамның өмір сүруіне лайық жағдай жасау (5-бап);
- Негізсіз ұстау мен қамап тастаудың алдын алу. Ешкім айқын заңды негізсіз бас бостандығынан айырылмауға тиіс (9-бап).



БІЗДІҢ ОҚИҒАЛАРМЕН ТАНЫСЫҢЫЗ


ҚҰҚЫҚ
ҮШІН ХАТ
ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL

Төмендегі оқиғалар – Әзірбайжан, Мьянма және Тунис елдерінен шыққан журналистер мен медиа қызметкерлерінің тарихы. Олар адам құқықтарының бұзылуын ашық айтып, құжаттап жүргенде төнген үлкен қауіпке қарамаста, шындықты жақтап келеді. Олардың батылдығы – еркін сөздің, адал кәсібиліктің көрінісі. Ал сіздің оларды қолдап, жанашыр болуыңыз – олардың күресіне күш береді.

БІЗДІ ҚОЛДАП ХАТ ЖАЗЫҢЫЗ!

Сіз бұл жерге адам құқықтары туралы көбірек білу үшін ғана емес, шын мәнінде өзгеріс жасау үшін келдіңіз. Өз әрекетіңіз арқылы өз даусыңыздың өзге адамдардың өміріне қаншалықты оң ықпал ете алатынын байқайсыз. Мұны досыңызбен, сыныптасыңызбен, отбасыңызбен немесе жеке өзіңіз істесеңіз де, сіздің әр жазған сөзіңіз біреудің тағдырын өзгерте алады.



ҚҰҚЫҚ
ҮШІН ХАТ
ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL

ОҚИҒА ЖАЙЛЫ



ЕШБІР АДАМНЫҢ СӨЗІ ЖЕРДЕ ҚАЛМАСЫН ДЕП МЕН ЖУРНАЛИСТ БОЛУДЫ ТАҢДАДЫМ

ҚҰҚЫҚ
ҮШІН ХАТ
ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL

Наргиз Абсаламова

📍 Әзірбайжан

27 жасар Наргиз үшін журналистика – жай ғана мамандық емес, қарапайым адамдардың үнін баршаға жеткізуді мақсат еткен асқақ арман болатын.

Әзірбайжанда мұндай арман қауіпті саналатын. Онда журналистер адам құқығы мен сөз еркіндігі үшін күрестің алдыңғы шебінде тұр. Бірақ шындықты айту – үлкен қатерге бару деген сөз. Ал жас қыз ретінде Наргизге журналист болу одан да қиынға соқты, өйткені отбасының бірнеше мүшесі оның бұл таңдауына қарсы болған еді.

Елдегі соңғы тәуелсіз медианың бірі – Abzas Media редакциясында жұмыс істей жүріп, Наргиз сыбайлас жемқорлық, әділетсіздік, әйел құқықтары және экологияға қатысты наразылықтар туралы жазды. Алайда бұл еңбектің өтеуі ауыр болды: ол соққыға жығылып, тұтқынға алынды. 2023 жылдың желтоқсанында Наргизге «ақшаны заңсыз жолмен елге кіргізу/елден шығару» деген ойдан шығарылған айып тағылды. Басқа ондаған журналиске де дәл осындай кінә тағылып отыр.

«Қамауға алынғалы мені бір ой мазалайды: құқығы тапталған қанша адам менің нөмірімді теріп, бірақ байланыса алмай қалған екен?» – дейді түрмедегі Наргиз.

Соңғы екі жылда кәсіби қызметі үшін түрмеге қамалған әйел журналистердің саны айтарлықтай артты. 2025 жылдың маусымында Наргиз алты әріптесімен бірге сегіз жылға бас бостандығынан айырылды. Үкім оқылған сәтте олар наразылық белгісі ретінде сот төрешісіне арқасын беріп тұрды. Ал бір отырыста, сотты жай ғана қойылым деп мысқылдаған журналистер өзімен бірге попкорн ала келді.

Бірақ түрмеде отырса да, Наргиздің дауысын жаншып тастау мүмкін болмады. Наргиз де, қамалған басқа тілшілер де әділетсіздік пен түрме жағдайының ауырлығы жайлы жазып келеді.

Наргиздің бұл күресте жалғыз емес екенін көрсетейік — оның бостандыққа шығуын дәл қазір талап етіңіз.



ПРЕЗИДЕНТКЕ ХАТ ЖАЗЫҢЫЗ

Әзірбайжан президентіне хат жолдаңыз. Наргиз Абсаламованы дереу босатуды және оған тағылған барлық айыпты алып тастауды талап етіңіз. Баспасөз еркіндігі — адам құқығы. Журналист өз міндетін атқарғаны үшін ешқашан жазаға тартылмауға тиіс.

МЕКЕНЖАЙ: Әзірбайжан Республикасының Президенті
Ильхам Әлиев мырзаға
Президент әкімшілігі
Истиклалият көшесі, 19
Баку, AZ1066, Әзірбайжан
Құрметті Президент
office@pa.gov.az
@Presidentaz
presidentaz
#FreeNargiz

ҚАРАТПА EMAIL:
X:
INSTAGRAM:
ХЭШТЕГ:

НАРГИЗДІ ҚОЛДАП ХАТ ЖАЗЫҢЫЗ

Әзірбайжан билігі Наргиз сияқты тәуелсіз журналистердің үнін тұншықтырмақ. Бірақ олардың әділетсіздікке қарсы күресін темір тор да тұсаулай алған жоқ. Наргизге қолдау білдіретін хабарлама жіберіңіз. Ол поэзияны жақсы көретіндіктен, үміт пен күш-қуат сыйлайтын өлең шумағын жолдауға болады.

EMAIL: Хаттарды сканерлеп,
letterstonargiz@abzas.org
электронды поштасына
жіберіңіз

ҚҰҚЫҚ
ҮШІН ХАТ
ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL

БЕЙЖАЙ
ҚАЛМА

НАРГИЗ
АБСАЛАМОВА



ЖУРНАЛИСТІК ҚЫЗМЕТІ ҮШІН ҚАМАЛЫП, СОҚҚЫҒА ЖЫҒЫЛҒАН

Мьянмада журналист болу – қауіпті кәсіп. 2021 жылы билікке әскерилер келгелі 200-ден астам журналист түрмеге қамалған. Кемінде жеті журналист өлтірілгені хабарланды. Жұмысына тыйым салынған медиа ұйымдары елден кетуге мәжбүр болған.

Бұл қатерге қарамастан, 2023 жылдың мамырында Мьянмаға Мокха циклоны соққан тұста, фотожурналист Сай Зо Тхайк Ракхайн штатына жасырын барып, табиғи апаттың салдарын көрсетуге бел буған еді.

Ол көмек көрсету тобына қосылды. Алайда бір аптадан кейін ол қамауға алынды. Ол жерде оны ұрып-соғып, қинаған. 2023 жылдың қыркүйегінде әскери трибунал Сай Зоны 20 жыл түрме жазасын кесіп, ауыр жұмыс

істеуге міндеттеді. Сот процесі небәрі бір күнге созылды.

Сай Зо еркін ақпарат тарата алуға құқылы. Ол қазір үйінде, отбасымен бірге уақыт өткізіп, футбол ойнау, «Манчестер Юнайтедтің» матчтарын көру, достарымен кездесу сынды сүйікті істерімен айналысып жүруге тиіс еді. Ол өзі жақсы көретін мысықтарына қамқор болуға тиіс еді.

Оның орнына ол қамауда отыр. Түрме қызметкерлері оны бірнеше рет ұрып-соғып, жалғыз камераға оқшаулаған.

Мьянма әскери билігінен Сай Зо Тхайкты дереу босатуын талап етіңіз.

Сай Зо Тхайк

Мьянма

ҚҰҚЫҚ
ҮШІН ХАТ
ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL

БЕЙЖАЙ
ҚАЛМА



МЬЯНМА ӘСКЕРИ ХУНТАСЫНА ЖАЗЫҢЫЗ

Әскери биліктен Сай Зо Тхайкты дереу босатуын талап етіңіз. Ол кәсіби қызметі үшін ғана 20 жылға түрмеге қамалды.

МЕКЕНЖАЙ: Мьянма әскери хунтасы
с/о Өз еліңіздегі немесе сізге жақын елде орналасқан Мьянма елшілігі немесе консулдығы

ҚАРАТПА: Мьянма әскери хунтасы
EMAIL: sacministry1234@gmail.com
www.sacministry.gov.mm/en/contact-us
www.seniorgeneralminawunghlaing.com.mm/en/contact/

САЙ ЗОНЫҢ РУХЫН БЕРІК ҰСТАУҒА КӨМЕКТЕСІҢІЗ

Оған достық пен үмітке толы хабарлама жіберіңіз. Хатыңызға оның жақсы көретін мысықтарының суретін де қосуға болады (Сай Зоның бірнеше мысығы бар).

МЕКЕНЖАЙ: Сай Зо Тхайк
с/о Amnesty International
Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия мен Тынық мұхиты аймақтық кеңсесі
M. Thai мұнарасы
All Seasons Place кешені
Уайрлесс көшесі, 87
Лумпини, Патумван
Бангкок
10330
Тайланд


FACEBOOK: www.facebook.com/myanmarnownews
X: @Myanmar_Now_Eng
INSTAGRAM: myanmar_now
HASHTAGS: #FreeSaiZaw, #FreeSZT, #W4R25

ҚҰҚЫҚ
ҮШІН ХАТ
ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL

БЕЙЖАЙ
ҚАЛМА

САЙ ЗО
ТХАЙК



АШЫҚ СӨЙЛЕГЕНІ ҮШІН ТҮРМЕГЕ ҚАМАЛЫП, ҚУДАЛАНЫП ЖАТЫР

Соня Дахмани
Тунис

ҚҰҚЫҚ
ҮШІН ХАТ
ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL

ОҚИҒА ЖАЙЛЫ

Соня Дахмани теңізді, достарымен жағажайда өткізген ұзақ күндер пен тыныш фильм кештерін жақсы көреді. Ол кескіндеме мен көрмеден бастап театр мен музыкаға дейін өнердің барлық түрін жоғары бағалайды. Десе де отбасын, оның ішінде сүйікті иті Карланы бірінші орынға қояды.

Соня – өмірін адам құқықтарын қорғауға арнаған заңгер және медиа сарапшы. Ол қорғансыз қалған жандардың сөзін сөйлеп, қауіп-қатерге қарамай, өзгелер айтуға батпайтын дүниелерді ашық жеткізеді. Түрмедегі адам төзгісіз жағдайлар мен нәсілшілдікке ашық қарсы шығып, бұл тақырыптарды үнемі теледидар мен радио шоуларда көтеріп келеді.

2024 жылдың 11 мамырында бетперде киген полицейлер Тунистегі Адвокаттар алқасының ғимаратына

басып кіріп, Соняны қамауға алған. Ол әлі күнге дейін дәл сол Мануба түрмесінде қамауда отыр. Тунис билігі оған “жалған ақпарат таратты” деген негізсіз айып тағып, сот үкім шығарды. Ал саяси астары бар басқа да тергеулер әлі жалғасып жатыр. Әділетсіздікке қарсы шыққаны үшін ол көп жылға түрмеге қамалуы мүмкін. Қамауға алу – оның үнін өшіруге бағытталған әрекет екені анық.

Соня адам төзгісіз жағдайда қамауда отыр. Камерасы егеуқұйрыққа толы. Түрме әкімшілігі қорлық көрсеткен. Тиісті медициналық көмек, оның ішінде шұғыл түрде қажет дәрі-дәрмектер берілмей отыр.

Соняның дереу босатылуын талап етіңіз.



© Private

ПРЕЗИДЕНТКЕ ЖАЗЫҢЫЗ

Тунис билігінен заңгер әрі медиа сарапшы Соня Дахманиді дереу және еш шартсыз босатуын, шығарылған үкімді жойып, оған тағылған барлық айыпты алып тастауын талап етіңіз. Өйткені ол пікір білдіру еркіндігін жүзеге асырғаны үшін ғана қамауда отыр.

МЕКЕНЖАЙ: Тунис Президенті
Картеж президент сарайы
Ла Гулетт жолы
Картеж археологиялық кешені
Тунис
Тунис

ҚАРАТПА: Аса мәртебелі
EMAIL: contact@carthage.tn
FACEBOOK: www.facebook.com/Presidence.tn
X: @TnPresidency
ХЭШТЕГТЕР: #FreeSonia, #W4R25

ҚҰҚЫҚ
ҮШІН ХАТ
ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL

ОҚИҒА ЖАЙЛЫ

СОНЯҒА ОНЫҢ ЖАЛҒЫЗ ЕМЕС ЕКЕНІН КӨРСЕТІҢІЗ

Соняға үміт пен қолдауға толы хабарлама жіберіңіз. Оның Тунистегі адам құқықтары үшін күресін қолдайтыныңызды білдіріңіз. Хатыңызға иттердің суретін (Соняның Карла атты иті бар) қосып жіберсеңіз болады.

МЕКЕНЖАЙ: Соня Дахмани
с/о Amnesty International Тунис
Зуһайр Аяди көшесі, 5
Эль Мензак 4
Ариана, Тунис 1082
Тунис

INSTAGRAM: [freesoniadahmani](https://www.instagram.com/freesoniadahmani)
ХЭШТЕГТЕР: #FreeSonia, #W4R25

СОНЯ
ДАХМАНИ

ӨЗГЕНІҢ МҰҢЫНА ОРТАҚТАСУ НЕГЕ МАҢЫЗДЫ?

Бейтаныс жанға хат жазу ештеңені өзгертпейді деп ойлауыңыз мүмкін. Немесе ол адам сіздің хатыңызды оқығысы келмейді деп ойлап қаларсыз. Бірақ түрмеде отырған, өміріне қауіп төнген немесе жақыны үшін әділдік іздеп жүрген жан үшін алыстағы бір адамның: «Мен сенімен біргемін» деуі – үлкен демеу. Ондай сәттерде адамдар жалғызсырайды, үрейге берілетін кездері болады. Ал сіздің жүректен шыққан жылы сөзіңіз оларға үміт сыйлап, тірек бола алады.

2023 жылы Ана Мария Сантос Круз бүкіл әлемнен келген жанашырлықты жүрегімен сезінді. Бұл оған ұлы Педро Энрикенің қазасынан кейін үміт отын өшірмей, өмірмен арпалысуды жалғастыруға күш берді. Педро – нәсілдік әділдік пен адам құқықтары үшін күрескен жас белсенді болатын. Ол 2018 жылы жауыздықпен өлтірілді.

Ана Мария ұлының өлімінен кейін Бразилия билігін әділ тергеу мен ашық сот өткізуге шақырды. Әлемнің түкпір-түкпірінен мыңдаған қолдау хаттарын алған сәтте ғана, өз қайғысын көтеруге және өзіне бағытталған қауіп-қатерлерге төтеп беруге шамасы жететіндей сезінді. Ол былай дейді:

“Мен “Педро маған көп нәрсе үйретті” деп үнемі айтып жүремін. Әділдік үшін қажымай күресу дегеннің не екенін де сол үйретті. Мені Amnesty International қозғалысымен таныстырған да Педро еді. Ол бұл ұйымды қолдап, қалжыңдап жүріп: “Бір күні Amnesty мені Африкаға, Ямайкаға немесе басқа елдерге апарып, адам құқықтары бойынша жұмыс істеткізеді” деп айтатын. Сол сөз шындыққа айналатынын кім білген?

Ол қаза тапқаннан кейін, Write for Rights науқаны арқылы біз, Педро екеуміз, бейнебір түрлі елге сапар шеккендей болдық. Бұл әділдік жолындағы күресімізге қанат бітірді. Мені әлемнің түкпір-түкпірінен жеткен жанашырлық толқыны қатты қуанып, жігерлендіреді. Жанымда бір жылылық пен жұбаныш пайда болды.”

Жоғарыда: Зимбабведегі Amnesty белсенділері Педроның ісіне қатысты жұмыс жүргізіп жатыр.

Оң жақта: Ана Мария Сантос Круз Сальвадор қаласындағы Пассу баспалдағында ұлы Педро Энрикенің портретімен бірге түскен суреті.

ҚҰҚЫҚ
ҮШІН ХАТ
ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL

Ана Мария Сантос Круз
Бразилия



Amnesty International – әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған 10 миллионнан астам адамның қозғалысы. Біз әр адамның бойындағы адамгершілікті ұштап, баршаға өз құқығын еркін пайдалану мүмкіндігін беретін өзгерістерге серік боламыз. Мақсатымыз – билік иелері өз уәдесін орындап, халықаралық құқықты құрметтейтін және өз әрекеттері үшін жауап беретін әлем құру. Адам құқықтарының бұзылуын қай жерде болса да зерттеп, сол туралы ақпарат жариялап отырамыз. Әсерлі оқиғаларды әлемге жеткізу арқылы миллиондаған қолдаушыны біріктіріп, өзгеріс үшін күресеміз және алдыңғы шептегі белсенділерге жанашырлық танытамыз. Сондай-ақ, адамдар өз құқығын қорғап, оның дұрыс іске асуын талап ете алуы үшін білім беру мен оқыту бағдарламалары арқылы қолдау көрсетеміз.

Біздің жұмысымыз адамдардың құқығын қорғауға және оларды күшейтуге бағытталған. Өлім жазасын жоюдан бастап, климаттық әділдік пен теңдікті ілгерілетуге, кемсітушілікпен күресуге және босқындар мен мигранттардың құқықтарын қорғауға дейінгі салалар бойынша жұмыс істейміз. Біз құқық бұзушыларды әділдікке тартуға, әділетсіз заңдарды өзгертуге және тек өз ойын ашық айтқаны үшін түрмеге түскен адамдарды босатуға көмектесеміз. Бостандығы мен ар-абыройына қауіпке төнген әр адамның мүддесі үшін күресеміз.

AMNESTY INTERNATIONAL – АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ӘЛЕМДІК ҚОЗҒАЛЫС. ӘДІЛСІЗДІК БІР ҒАНА АДАМҒА ҚАРСЫ ЖАСАЛСА ДА, ОНЫҢ КЕСІРІ БӘРІМІЗГЕ ТИЕДІ.



2024 жылғы «Құқық үшін хат жаз» науқаны кезінде Нидерландтағы Amnesty жақтастары мен мүшелері

© Amnesty International 2025 жыл
Егер өзгеше көрсетілмесе, бұл құжаттағы материал Creative Commons лицензиясының (атрибуция, коммерциялық емес пайдалану, туынды жасамау, халықаралық 4.0) шарттарымен таратылған.
Толығырақ мына сілтеме арқылы оқи аласыз: <https://creativecommons.org/licenses/by-nc-nd/4.0/legalcode>
Қосымша ақпарат алу үшін біздің сайттағы «Permissions» бөліміне өтіңіз: www.amnesty.org
Amnesty International ұйымына тиесілі емес, өзге құқық иелеріне сілтеме жасалған материалдарға бұл лицензия қолданылмайды.

Алғаш рет 2025 жылы басылып шықты
Amnesty International Ltd
Peter Benenson House, 1 Easton Street
Лондон WC1X 0DW, Ұлыбритания

Қыркүйек 2025 жыл
Индекс: POL 32/9526/2025
Түпнұсқа тілі: ағылшын

Барлық суреттің авторлық құқығы, егер басқаша көрсетілмесе, © Amnesty International ұйымына тиесілі.

Мұқаба суреттері:
© Nagy Szabolcs және Marieke Wijntjes
Соңғы мұқабадағы сурет:
© Marieke Wijntjes

amnesty.org

Дизайн және иллюстрация: Off Colour Design
Редакциялық қолдау: Saphia Fleury

**ҚҰҚЫҚ
ҮШІН ХАТ
ЖАЗ**

**AMNESTY
INTERNATIONAL**

